

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
РЕКТОРЫ, ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ МАСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ  
САУРЫҚОВ ЕРБОЛАТ БАЙҰЗАҚҰЛЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ ФОРУМДАҒЫ БАЯНДАМАСЫ**

**Құрметті форумға қатысушы зиялы қауым, қадірменді қонақтар  
және әріптестер!**

Біз кез-келген қазақстандықты бей-жай қалдыра алмайтын өте күрделі, әрі маңызды тақырыпты қарастыратын форумда бас қосып отырмыз.

Жасөспірімдерге деген көзқарас – бұл жалпы қоғамның жетілуі мен даму деңгейіне баға беруге болатын басты көрсеткіш.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жүйелі шараларды қажет ететінін атап өтуіміз керек. Бұл жерде барлық мемлекеттік және атқарушы билік құрылымдарының, құқық қорғау органдарының, қоғамдық бірлестіктердің үйлестірілген іс-қимылы қажет, осы тұрғыдан келгенде бүгінгі форум бұған серпін береді деп сенемін.

Жаңа ұрпақты қалыптастыру, оның рухын, имандылығын және мәдениетін тәрбиелеу мемлекеттік-құқықтық саясаттың басты бағыттарының бірі, бұл тенденция қазіргі қоғам мен мемлекетте басшылыққа алынды, бірақ оның игі мақсаттары түпкілікті толықтай іске асырылмауда.

Қоғамның экономикалық бағыттарының дамуы, мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатқан қоғамдағы оң өзгерістер нақты байқалса да, мемлекеттік-құқықтық институттарын, мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдарын идеологиялық қамтамасыз ету мәселелері әлі де жеткіліксіз.

Жастардың рухани және имандылық даму мәселелері, оның құқыққа әсер етуі жасыратыны жоқ, назардан тыс қалып, ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан қажетті жағдайда қарастырылмай келеді. Соның нәтижесінде рухани салада пайда болған бос кеңістік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қазақстандық қоғамға жат идеологиямен тола бастады. Осы аталған жайттар адамның бойына керекті шынайы құндылықтар: әділдік пен имандылық, жақсылық және жамандық, үлкенге – құрмет, кішіге – ізет сыйластығы тұрқының бұзылуына түрткі болды.

Жастар – еліміздің ертеңгі болашағы. Сондықтан да жастар мәселесі мемлекеттің стратегиялық маңызды бағыттарының бірі.

Елімізде жүргізіліп жатқан реформалар қалай да болмасын белгілі кезеңдер өткеннен кейін жастардың бойында жақсы немесе жаман қырынан өзіндік ізін қалдыратындығы айқын. Сондықтан жастар ісіне, оны тәрбиелеуге немқұрайлы қарауға болмайтындығы түсінікті.

Мен өзім басқарып отырған Халықаралық Тараз инновациялық институтында студенттердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға, жастардың бойына құқықтық тәрбие мен құқықтық білімді сіңіртуге, дәстүрлі сабақтан бөлек, ғылымға, мәдениет пен спортқа, өнерге деген қызығушылығын арттыруға үлкен көңіл бөлінеді. Мысалы:

- **«Студенттер үйінде» кішігірім кофейня аштық.** Мүмкін ол жер қаладағы кофейнялардың деңгейіне жетпейтін шығар, бірақ мұнда ой бөлісуге, өз замандастарымен пікір алысуға, өздеріне қызмет көрсетуге, кофе дайындап, оны сатуға үйренеді.

- **Сонымен қатар, студенттер үшін ашылған «сұлулық салоны»** да студенттердің бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін нысан. Қаламызда сұлулық салондары жоқ емес, небір керемет нысандар бар, бірақ біздің мақсатымыз – студент жастарды қызықтыру, жаңа нәрсені үйренсін, кәсіп үйренсін, қаржы тапсын деген ниет. Мұны алғашқы кәсіпкерлік дағдыны қалыптастырудың бастамасы деуге болады.

- **Студенттерді кітап оқуға, кітапханаға баруға қызықтыру** мақсатында заманауи кітапханамыз ашылды. Мұнда демалыс орталығында демалуға, коворкинг орталығында пікір алмасуға, спорт бұрышында шахмат, тоғызқұмалақ ойнауға мүмкіндік жасалған. Әрине, жүргізіліп жатқан жұмыстар өте көп. Баршамызға ортақ мақсат – лайықты тұлғаны қалыптастыру.

Бүгінгі қоғам – сын-қатерлерге толы қоғам. Мұнда білімді, іскер, мәдениетті, өзіне сенімді адамдар ғана қиындықтарға төтеп беріп, лайықты өмір сүре алады. Сондықтан, жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мына мәселелерге көңіл аудару қажет деп есептеймін:

- **Біріншіден,** ерте жастан бастап баланың бойына құқықтық тәрбие мен құқықтық білімді сіңірту қажет. Ол үшін институт базасындағы **«Құқықтық зерттеулер және медиация»** ғылыми-әдістемелік орталығы жанынан жасөспірімдерге арналған **«Жас медиатор»** мектебін ашу жоспарлануда, қаланың білім беру ұйымдарын бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз;

- **екіншіден**, отбасындағы тәрбие – тәрбиенің бастауы. Ондағы тәрбиені ешқандай алдыңғы қатарлы оқу орны бере алмайды. Сондықтан бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігін арттыру маңызды. Ата-аналарға арналған пайдалы кеңес беру, лекторийлер, түрлі видео-кеңестер беру, шеберлік кластарын өткізу;

- **үшіншіден**, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, атап айтқанда Интернет пен ұялы телефондардың көмегімен балалар мен жасөспірімдерді қудалау – білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың қаупін едәуір арттыратын, оқушылардың мінез-құлқында жағымсыз өзгерістерге алып келетін аса маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан, жаңа оқу жылының басынан бастап Тараз қаласының мектептеріне, білім беру ұйымдарында **кибербуллинг пен буллингтің алдын алу** бағдарламасын енгізуді ұсынамыз. Бұл бағдарлама біздің институттың ғалымдар тобымен әзірленуде және 2021 жылдың тамыз айында қалалық білім басқармасына ұсынылады;

- төртіншіден, біздің институт базасында инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді, онда жазғы кезеңде ата-аналар қоғамдастығы мен «тәуекел тобының» оқушылары үшін тренингтер циклін өткізуді ұсынамыз.

**Қорыта келе, форумның барлық қатысушыларына жемісті жұмыс және алға қойған жоспарлардың табысты жүзеге асуын тілеймін!**

